



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

образдарының шығу тегі бір арнадан екендігін дәлелдейді. Түбі бір тектен шыққан батырлар бейнелерінің ұқсас болуы да заңдылық. Қаншама тарихи оқиғалардан өтіп, бүгінгі күнге дейін ауызша жеткендіктен де ортақ сюжеттік ұқсастықтар кездеседі. Қазірде түркі халықтарында әртүрлі аталып жүрген батырлар есімінің өзі де бір батырдың образы болуы мүмкін. Біздің мақсатымыз олардың ортақ белгілерін тауып жалпы түркіге ортақ қаһармандар болғандығын көрсету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә. Марғұлан. «Ежелгі жыр-аңыздар». Алматы: Жазушы., 1985. – 368б;
2. Ә. Қоңыратбаев. 1-том, Алматы: МерСал., 2004. – 504б;
3. Х. Сүйіншәлиев. «Қазақ әдебиетінің тарихы», Алматы., 1997. – 55б;
4. Н. Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті», Алматы., 2005. – 336б.

ӘОЖ: 821.512.122

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Бақтығали Әсемай

tanirbergen.ai@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультеті «5В020500» - Филология: қазақ филологиясы
мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Үсен А. Ә.

Қай дәуірде болмасын адами құндылықтар жаратылыстың ішіндегі ең ұлығы болып есептеледі. Адам баласын Алла Тағалам жаратқан уақытта сананың да, болмыстың да ең ғажабы етіп жаратқан. Дүниенің қожасы етіп жер бетіндегі барша тіршілік иесінен жоғары қойғандағы Жаратушының да өз есебі бар, Адам баласына – мына дүниені аманат етуі.

Қаншама уақыт дамуды, алға қарай ілгерілеуді өткізіп дамыған жаңа заманда әр халық, әр адам өз биігінде түрлі жетістіктерге жетті. Жаһандану үдерісі, мәдени салаларда, әдебиеттің дамуы әр елде жаңа белестерді бағындырғандығы белгілі. Адам ойының кемеліне келіп жаңа цивилизация қоғамда жаппай орын алып жатса да, өзгермеген құндылықтар бар. Олар – адамның рухани өрісі. Мұны әр халық жақсы біледі. Зиялы қауым өкілдері мен кемеңгер тұлғалардың барлығы ғасырдың қай уақытында болмасын адамзат игілігі үшін мұра қалдырды. Әлем әдебиетінің қай классигін немесе классикалық туындысын алып оқысақ та өзімізге қажет азықты ала білсек, бұл – жаңа оймен алға қарай дамуға мүмкіндік жасайды. Ағылшынның атақты классигі Шекспирдің соннеттері, француздың танымал ақыны Бальзак, орыстың заңғар жазушылары Толстой мен Достоевскийі қазіргі заманның өзінде маңызын жоғалтқан жоқ. Себебі адам өзгерсе де, адами құндылық өлшемдері өзгермек емес.

Қазақ халқының әдебиетін жаңаша серпінмен көтерген тұлғаның бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Оның қай шығармасын қарасақ та қоғамның ақсап жатқан тұстарын дөп басып айтқандығын көреміз. Өз заманының қалпын суреттесе де сол уақыттағы қоғамдық мәселелердің әлі де күрмеулі тұрғаны байқалады.

Сонымен қоса Мәшһүр Жүсіп өзі өмір сүрген екі ғасыр тоғысындағы қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірге белсене атсалысып , болып жатқан өзгерістерге өзінің пікірін , ой тұжырымдарын сол уақыттағы баспасөз беттерінде «Дала уалаятының газетінде » және «Айқап» журналында жариялап тұрған . Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспаханасынан шыққан «Сарарқа кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітаптарында қазақ халқы үшін көкейкесті мәселелерді көтереді . Патшалық Ресейдің отарлау саясатын, қазақ халқын орыстандыру мен шоқындыру сияқты екіжүзді ниетін әшкерелейді .

Мәшһүр Жүсіп ұлт бостандығын, теңдігін, ар-ождан бостандығын ел мен жер тағдырын жырлады.

Байланып қорыққандықтан жүрді тілім,

Қазағым, қайран жұртым, есіл елім.

Мұжық кеп, қара шекпен крестьян,

Жеріңді қылмады ма тілім-тілім,

- деп ақын қазақ халқы үшін киелі ата -бабаларымыздың қылыштың жүзімен , найзаның ұшымен қорғап қалған жердің, қоныс аударушыларға беріліп жатқанына жаны күйзеледі , сонымен қатар ел , жер үшін батыл ашық күресуге шақырады . Мәшһүр Жүсіп ел ішіндегі келеңсіз құбылыстарды ұрлық , рушылдық, жікшілдік, парақорлық, надандықты аяусыз сынайды.

Қазағым, өнер іздеп, ұрлық-зорлық,

Қыласың бір-біріңе неге озбырлық.

Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,

Басыңа келген жоқ па талай қорлық.

Мәшһүрдің пікірінше, ұлттық бірлік пен татулық, ауызбіршілік халық үшін жарқын болашаққа жол ашатын және бостандық пен теңдікке жеткізетін бірден-бір жол.

Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп

Жұмысын жабдықтансын ерте бітіп:

Қолыңа қармағанмен түк түспейді,

Қалған соң, жастық қуат бойдан кетіп,

- деп ақын: «адам баласының ең қызықты жемісті шағы жастық шақта білім , ғылым, өнер мен кәсіп үйреніп , жан-жақты үйлесімді жетілуі тиіс , жас кезінде алға қарай ұмтылмасаң, кейін өмірің өкініште өтеді », – деп тұжырымдайды . Мәшһүр Жүсіп қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық мешеулігі мен артта қалушылығын жою үшін біріншіден, мектеп пен медреседегі оқу ісі заман талаптарына сай болу тиіс, білім беру ісінде халықтың салт-дәстүр мен нанымдарына, тілі мен діни сеніміне ерекше көңіл бөлінуі қажет , екіншіден, адал еңбек ету , өнер үйрену , егіншілік пен сауданы, шаруашылықты дұрыс жүргізе білу керек деп ой түйеді.

Мәшһүр Жүсіптің ой -пікірлері мен толғаныстары сол уақыттың көкейтесті өзекті мәселелеріне қатысты сараланады. Мәшһүрдің саяси философиясының негізгі өзегі азаттық, теңдік идеялары. Оның 1907 жылы шыққан үш кітабының негізгі тақырыбы қазақ халқының бостандығы мен адам құқықтары , білім беру ісі , тартып алынған жерлерді халыққа қайтару , теңдік пен әлеуметтік әділеттілікті , бірлік пен ұлтжандылықты , отансүйгіштік, патриоттық идеялардың негізінде құрылған. Мәшһүр Жүсіптің саяси-әлеуметтік көзқарасының ерекшелігі, отаршылдық езгіге, саяси және рухани қанауға, әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы батыл ашық күреске шақыруында. Әлеуметтік философиясының өміршендігі әр адамның отанын, халқын құрметтеуі жеке тұлғаның абзал, асқақ сезімі болып табылады деп түсінуінде жатыр . Оның пікірінше елін , жерін сүйген тұлғаның тарихтағы орны Отан алдында, халық үшін атқарған еңбегімен, ал оның адамдық болмыс бітімі отаншылдық сезімінің құдіретімен өлшенеді. Мәшһүр Жүсіптің туған халқына, отанына, тіліне, салт-дәстүріне ислам өркениетіне деген зор құрметінің ерекше маңызды мәні бар . Қазіргі жағдайда оның патриоттық жалынды өлеңдері егеменді елдің жастарын елге , жерге, тілге, дінге, салт-дәстүрімізге құрметін арттырып, оларға ізгілік нұрын сіңіруге, отаншылдық рухты тәрбиелеуге көмектеседі.

Асқынды болып жара-жауырларың,

Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым

Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды ойла.

Қазағым, қайран халқым, бауырларым, -

деп Мәшһүр Жүсіп қазақ халқын бірлікке, тірлікке, татулыққа шақырады және өткен кездегі қазақ халқының өмірін , арманын, күйінішін, сүйінішін, сауық-сайранын, қайғы-қасіретін көреміз ; «үйде отырып бос өлмей » ел үшін ерлік етуді армандаған ақын екенін

танымыз... Дегенмен, Мәшһүрдің қоғамдық жағдайды күңгірт түсініп , аяғын шалыс басқан кездері де болған . Бірақ ақын халық қамын ойлаудан танбай , бар талантын күш- қуатын ел қажетіне жұмсаған.

Ақын өз шығармалары арқылы қазіргі заман бейнесін керемет суреттеп берген. Оның болашақты болжай білетін көреген қасиеті барлығы баршаға мәлім. Келесі өлең жолдары дәл осының дәлелі.

Әуелі келетін Заманды біл,

Діні мен тілін біл.

Күш атасы қалған,

Күшке сену жалған.

Бұл заман ғылым, білім заманы.

Ал, бұларға қарсы жасақ жиып, Соғысу дегендерің,

Молдалар, жастарды қырып, Қара сорпасын ішу жолы.

Тағы да бір сөзінде:

Қытайды Шүршіт темір қақпан, – дейді екен.

Егер де қытайға бағынған болсақ,

Қазақ деген ұлт болуы неғайбыл екен.

Ал кәпір орысты кендір арқан, – дейді екен.

Кендір арқан 70 жылда бір шіриді деген, -

деп өз заманы өткен дәуірден бастап қазіргі уақыт аралығындағы қазақ халқының бастан кешкен уақиғаларын айна қатесіз суреттеген. Орыс құрығында жетпіс жылға жуық бодан болатынын:

Сонда қазағым бірге шіріп, дініңнен, тіліңнен безіп, азып,

өшпей-өспей, әйтеуір қазақ деген атқа ие болып жүресіндер, - деп көрсетеді.

Азарсың жұртым, азарсың,

Азғандықтың белгісі,

тайпақ-тайпақ көлдерден балық шығар, – деп еді.

Сол балықты аулайтұғын үш ашалы шанышқы шығар , – деп еді. Қылмысы жаққан пенделер алып шығар деп еді.

Қылмысы жақпаған пенденің екі етегі су болып,

бір жаратқан тәңірге налып шығар, – деп еді.

Ақын бұл өлеңі арқылы осыншама нәубеттен соң халықтың рухани азып-тозып нашар халге түсетінін айтады. Шынында қазіргі заман – азғындаудың ең биік шыңы десек артық айтқандық емес. Оның ең басты дәлелі – ақын айтқандай адамның Жаратушысын танымай оған налалы болуы.

Ұяттан безіп, буаз болады.

Сиынған пірің молда мүшірік,

Бір Құдайға шет болады. Мұсылмандыққа жеткен ше, Адамдар бір-бірімен,

Өштесіп қас болады. Мұсылмандыққа жеткен соң,

Сонда ғана барып-барып ел болады. 2013 жыл болады.

Қойдан қоңыр заман болады,

Көрген де арманда,

Көрмеген де арманда сол болады, -

деп ақырзаман адамдарының бейнесін және ХХІ ғасырда қазақ заманында ауыс-түйістер орын алатынын айтады. Ақырзаманның белгісі – адамдардың азғындауы, ол бірнеше мәрте бола беретінін, ал қиямет қайымның бір-ақ рет болатынын жазады. Бұл қазіргі дәуіріміздің өзекті мәселесі. Әлем ішінара келіспей жатқандығы адами құндылықтардың жоғалуына себепші болуда.

Асқынды боп, арқа жауыр жараларым,

Тіпті жоқ, түскен істі ауруларым.

Бірлік қыл, басыңды қос пайданды біл,

Қазағым қайран, халқым бауырларым.

Дүниенің базарында арзан нарқым,
Нарқым арзан болса да, қымбат даңқым.
Дүниенің тіршілігінде қадырым жоқ,
Өлген соң әттеген-ай, дерсің халқым.

Расында ақын шығармаларының қай жолы, қай шумағы болсын қазақ халқының басынан кешірген тарихи оқиғалармен сабақтасып жатыр. Мәшһүр Жүсіп елдің басынан өткізген әрбір ауыртпалыққа болсын, шынайы бақытқа болсын имандылықтың себепші болатынын атап көрсетеді. Қазақ халқы қашанда барға қанағат ете білетін, жоққа сабырлық танытатын, жатса тұрса Алласын ауыздан тастамайтын әдетшіл халық. Ақын туындыларының да басты өзегі – ұлттық құндылықтардың сақталуы. Ұлттың тағдыры тұтас елдің тағдырымен теңдес, тамырлас. Әдеби мұраларымыздың әрқайсысының тақырыбы қазіргі заманмен сабақтас. Ұлттық жазба дәстүрімізді жоғалтпай оны алдыңғы ғасырларға да мұра болуы үшін әрбір ұрпақ жауапты болып қала бермек.

Мәшһүр шынында заманының заңғары болған тарихи тұлға. Шығармалары арқылы тұтас ұлттың тамырына нәр берді. Оны қазақ халқы қай дәуірде болсын мадақтап, ұлықтап өтері анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.
2. Көпейұлы М.Ж. Көптомдық шығармалары. 1-том. – Алматы, «Алаш», 2003. – 504 б.
3. Көпейұлы М.Ж. Көптомдық шығармалары. 2-том. – Алматы, «Алаш», 2003. – 432 б.

ӘОЖ 821.512.122

ҚАЗІРГІ ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР (С.Сағынтай әңгімелері негізінде)

Бибіт Ақыл Қайратқызы

akyl_bibit@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4 курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.Айтуғанова

Көркем шығарма – белгілі бір тарихи шындыққа негізделген, қоғамның әлеуметтік мәселелері қозғалған немесе адамның түрлі мінез-құлқы, іс-әрекеті, психологиялық күй-жайы баяндалған авторлық туынды. Қазақ әдебиетінде, соның ішінде қазақ прозасында көптеген туындылар тарихи шындыққа негізделген. «Тарихи шындық дегеніміз – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады»[1,319].

Тарихи шындық тарихи тақырыпта жазылған шығармаларда кездеседі. Онда тарихи тұлғалар, дәуір шындығы, әлеуметтік мәселелер қозғалады. Тарихи тақырыпта жазылған туындылар қатарына І.Есенберлиннің «Көшпенділері», М.Мағауиннің «Аласапыраны», Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндері» жатады. М.Әуезовтің «Абай жолы», С.Мұқановтың «Аққан жұлдызы» - тарихи тұлғалар туралы шығармалар.

Қазақ әдебиетінде дәуір шындығын көрсету мақсатында жазылған шығармалар да аз емес. Соғыс кезеңін әдебиетке арқау еткен қазақ қаламгерлерінің қатарына Б.Момышұлы, Б.Бұлқышев, Ғ.Мүсірепов, Т.Ахтанов, Д.Исабеков жатады.

Қазіргі прозада тарихи шындық пен әлеуметтік мәселелерді шығармаларына арқау еткен,